

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Анықтама

«Қыз өссе...» концерттік бағдарламасының өткізілуі туралы

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие бағытындағы іс-шаралардың маңызы зор. Солардың бірі – «Қыз өссе...» атты концерттік бағдарлама. Бұл іс-шара 3-5 жас аралығындағы балалардың бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіру, қыз баланың орнын, қадір-қасиетін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың инабаттылық, ұқыптылық, әдептілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін ашу, сахна мәдениетін үйрету де көзделді. Концерттік кеш кіріспе сөзбен басталып, балалардың тақпақтары мен ән-жырларына жалғасты. Әсіресе, «Қазақ қызы», «Анашым» әндері балалардың нәзік сезімін жеткізе білді. Ұлттық би мен заманауи бидің үйлесімділігі де ерекше әсер қалдырды. Балалар сахналық қойылым арқылы қыз баланың бойындағы тәрбиелік мәні бар мінез-құлықтарды көрініспен жеткізді. Сән көрсетілімі мен қолөнер бұйымдары көрмесі арқылы қыз балалардың эстетикалық талғамын, өнерге деген қызығушылығын байқауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар балалар мен ата-аналарға арналған қызықты сұрақ-жауап бөлімі іс-шараға серпін беріп, көрермен мен қатысушылардың өзара байланысын нығайтты. Іс-шара соңында барлық балаларға мақтау қағаздары мен шағын сыйлықтар табысталды. «Қыз өссе – елдің көркі» деген халық даналығы іс-шараның әр сәтінде көрініс тапты. Бұл концерт балабақшадағы тәрбие жұмысын ұлттық бағытта жүргізудің тиімді әдісі бола білді.

Қорытындылай келе, бұл тәрбие сағаты балалардың жүрегіне мейірім, сұлулық пен ізгілік дәнін септі. Іс-шара барысында қыз баланың тек отбасы ғана емес, қоғам үшін де маңызды тұлға екені ұғындырылды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру – ұлт болашағы үшін маңызды міндет.

Әдіскер: Саттықова А